Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы жер комиссиясының
ХАТТАМАЛЫҚ ШЕШІМІ.

Теренөзек кенті, **№** 31 **«** 24 **»** шілде **2026 жыл**

Қатысқандар: Т. Нұртазаев – аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы; Б. Мейрамбекұлы – аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы, төраға орынбасары; Г. Турлыбеков – аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі; А. Сәдуақасов – аудандық кәсіпкерлік,өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі; А. Есназар – Сырдария аудандық мәслихат депутаты, комиссия мүшесі; Н. Жұмабаев – «Н. Жұмабаев» шаруа қожалығының төрағасы, комиссия мүшесі; А. Мұханбетқалиқызы – «Тіршілік тынысы» газеті редакциясының бас редакторы, комиссия мүшесі; Б. Ильясов –Сырдария аудандық қоғамдық кеңес мүшесі, комиссия мүшесі; С. Құлмахан – «Атамекен» Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Сырдария ауданындағы филиалы өкілі, комиссия мүшесі; М. Айтмұханов – «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «Сырдариясушар» өндірістік учаскесінің басшысы, комиссия мүшесі; Б. Ұлтанбекұлы – аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау басшысы, комиссия мүшесі; Т. Кішкенбаев – Бесарық ауылдық округінің әкімінің міндетін атқарушы, комиссия мүшесі; Б. Күнтуов – Бесарық ауылдық округі бойынша қоғамдастық өкілі, комиссия мүшесі; Р. Жамит – аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы.

Жер конкурсы өткен күні: «24» шілде 2026 жыл

Жер конкурсы өткен орны: Сырдария ауданы әкімі аппараты ғимаратының мәжіліс залы

Уақыты: 15-00

Конкурсты ұйымдастырушы: «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» КММ-і

Жер учаскесінің орналасқан жері: Бесарық ауылдық округі жерінен (50 шақырым әрі) шалғынды алқап, саздақты топырақ (балл бонитет 24).

Жер учаскесіне құқығы: 20 (жиырма) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы.

Нысаналы мақсаты: Өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығын жүргізу үшін

Өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығын жүргізу үшін жалға беруге қойылған - 50ші лот бойынша жер учаскесін Бесарық ауылдық округі жерінен жалпы көлемі –20,0 гектар, оның ішінде: жайылымдық – 15,0 гектар, басқа алқаптар – 5,0 гектар жер учаскелеріне жеке тұлға Кожахметов Сейлбай Мухядинович және жеке тұлға Жалғасбек Сұлтанбек болып конкурстық өтінімдер берген.

Конкурстық өтінімдер ұсынған конверттердің ішінен 1-ші болып Кожахметов Сейлбай Мухядиновичтің конкурстық өтінімі қаралды, 2-ші болып тұлға Жалғасбек Сұлтанбектің конкурстық өтінімі қаралды.

Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде ҚР «Жер кодексінің» 43-1 бабының 9-тармақшасына сәйкес және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығының талаптарына сәйкес Кожахметов Сейлбай Мухядиновичтің конкурс ережесіне сәйкес **ұсынылған құжаттары толық**,

конкурстық ұсынымы (бизнес жоспар) әзірленген, инвестициялық соммасы бойынша 10 балл қойылды.

Жалғасбек Сұлтанбектің құжаттар топтамасы ҚР «Жер кодексінің» 43-1 бабының 9-тармақшасына сәйкес және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығының талаптарына сәйкес емес конкурс ережесіне сәйкес **ұсынылған құжаттары толық**, конкурстық ұсынымы (бизнес жоспар) әзірленген, инвестициялық соммасы бойынша 5 балл қойылды.

Жер кодексінің және конкурс ережесінің талаптарына сәйкес жоғары балл қойылған Кожахметов Сейлбай Мухядиновичтің ұсынған құжаттар топтамасын қолдады.

Жер учаскелерін жалға беру конкурстарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі аудандық комиссия:

1. ҚР «Жер кодексінің» 43-1 бабы және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығының талаптарына сәйкес Кожахметов Сейлбай Мухядинович жеңімпаз деп танылсын.

Конкурс қорытындысы бойынша жасалған хаттама 2 (екі) дана болып толтырылып, конкурсты ұйымдастырушыға және өтініш иелеріне 1 (бір) данадан беріледі.

Комиссия төрағасы _____ **Т. Нұртазаев**

Комиссия төрағасы орынбасары _____ **Б. Мейрамбекұлы**

Комиссия мүшелері _____ **Г. Турлыбеков**

_____ **А. Сәдуақасов**

_____ **А. Есназар**

_____ **Н. Жұмабаев**

_____ **А. Мұханбетқаликызы**

_____ **Б. Ильясов**

_____ **С. Құлмахан**

_____ **М. Айтмұханов**

_____ **Б. Ұлтанбекұлы**

Т. Кішкенбаев

~~**Н. Курманалиев**~~

Б. Кунтуов

~~**Ә. Маханбетов**~~

Комиссия хатшысы _____ **Р. Жамит**